



19 тамыз, бейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz


www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

2 Даянаға сәттілік тіледі



4 Дабыл батыр



5 "Жерұйықты" оқығанда



6 Қызыл қырғыннан аман қалған сандық



● ПРЕЗИДЕНТ

"ҚАЗАҚТАР ДА, КОРЕЙЛЕР ДЕ ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ҚАДІР-ҚАСИЕТІН ЖАҚСЫ ТҮСІНЕДІ"



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Корея Республикасына мемлекеттік сапары Көк үйдегі ресми рәсімнен басталды. Қазақстан Президентін Оңтүстік Корея Президенті Мун Чжэ Ин салтанатты түрде қарсы алып, құрмет көрсетті. Мемлекеттік зияраттар орындалғаннан кейін мемлекеттер басшылары Құрмет қарауылын бойлай өтіп, екі елдің туына тағым етті және ресми делегациялардың құрамымен таныстырды. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев Құрметті қонақтар кітабына қолтаңба қалдырды.

Мұнан соң Президент Кореяның ұлттық батыры Хон Бом Доның құрметіне орай өткен рәсімге қатысты.

Мұндай іс-шаралардың тарихи мән-маңызы айрықша. Қазақтар да, корейлер де Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін жақсы түсінеді. Хон Бом До – Кореяның азаттығы үшін күрескен бірегейі. Нағыз батыр, шынайы отансүйгіш. Генерал тағдырдың жазуымен өмірінің соңғы жылдарын қазақ жерінде өткізді. Содан бері қанша жыл

өтсе де атажұртында батырдың ерлігі ұмытылған жоқ. Оны біздің халқымыз да жақсы біледі. Қызылорда қаласында Хон Бом Доның құрметіне мемориал тұрғызылған. 2018 жылы батырдың туғанына 150 жыл толды. Қазақстан халқы Ассамблеясы осыған орай арнайы конференция өткізді. Генералдың есімі қазақ елінің жадында сақталады. Оның мемориалы мемлекет қамқорлығында болады, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Корея

Республикасының Президенті Мун Чжэ Инге Корей халқының ұлттық батыры Хон Бом Доның қабірінен алынған топырақты табыстады.

Сондай-ақ, Оңтүстік Корея Президентінің резиденциясында ресми делегация мүшелерінің қатысуымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Президент Мун Чжэ Ин келіссөздер өткізді. Тараптар қазақ-корей стратегиялық әріптестігін одан әрі дамытудың перспективаларын жан-жақты талқылады. Сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайтуға ерекше көңіл бөлінді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Мун Чжэ Инге корей жерінде көрсетілген құрмет пен қонақжайлылығы үшін ризашылығын білдіріп, 2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласында өткен кездесудің қазақ-корей қарым-

қатынасына тың серпін бергенін айтты. Сондай-ақ, Оңтүстік Корея Қазақстанның Азиядағы ең маңызды стратегиялық әріптесі екенін атап өтті.

– Бүгінгі таңда Қазақстанның экономикасына 6 млрд доллардан астам корейлік инвестиция тартылған. Инвестиция тарту ісін бұдан былай да жалғастыра беру керек деп ойлаймын. Мен осыдан екі жыл бұрын өзара байланыстарымызды арттыру үшін ауқымды жоба құру керек екенін Сізге айтқанмын. Қазір Қазақстанда корейліктер қаржы салған 550 компания жұмыс істейді. Олардың арасында Samsung, Hyundai, Lotte, Posko және тағы басқалары бар. Өте жақсы институционалды база қалыптасқан, үкіметаралық комиссия мен іскерлік кеңес жұмыс істеп жатыр, – деді Қазақстан Президенті.

2-бет

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Экономиқаны әртарапандыра отырып, шикізат шылауына шығуға индустрияландырудың бесжылдықтарында жүзеге асып келе жатқан жана жобалардың ықпалы зор. Соның арқасында экономика ілгері басып, тұтынушылар да өзімізден шығатын өнімдерге көбірек қол соза бастады.

Мәлімдеу ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы»

ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУДЫҢ ҚАРҚЫНЫ ҚАНДАЙ?

ӨНДІРІС КӨЛЕМІ АРТТЫ

Өткенге көз жүгіртсек, тәуелсіздік жылдарында облыста 400-ден астам шағын және орта өнеркәсіптік кәсіпорын құрылған. 1991 жылдан бастап бүгінге дейін өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2 млрд теңгеден 648,8 млрд теңгеге дейін өскен. Өндіріс үлесі 11 проценттен 38 процентке дейін өсті деген дерек те қай салада болмасын жаңашылдық орын алғанын байқатады. Өнеркәсіп кәсіпорындарының жұмысын жаңғыртуды көздейтін Индустрияландыру бағдарламасы бойынша өңірде құны 82 млрд теңгеге құрайтын 17 жоба іске асып, 12 өнім түрі шығарылған. Оның ішінде сүт, балық, ас және техникалық тұз өнімдері, мия сығындысы, электр энергиясы, өңделген газ, химиялық реагенттер, күкірт қышқылы, асфальтбетон, кірпіш бар.

3-бет



● БӘРЕКЕЛДІ!



Бір сыныпта 19 оқушының 16-сы грант иегері

Облыс орталығындағы М.Шоқай атындағы №187-ші ІТ мектеп-лицейі биыл екі сынып бойынша 46 оқушы бітірді. Олардың 36-сы мемлекеттік грант алуға өтініш беріп, 27-сі грант иеленді.

Ғазиза ӘБЛІДА, «Сыр бойы»

Ерекше қуанарлық жайт, Ақтоты Өтешова жетекшілік жасайтын 11 "А" сыныбындағы 19 оқушының 16-сы грант иегері болды. 7-уі "Үздік аттестат" иегері. А.Өтешова бұл оқушыларға 5 сыныптан бері жетекшілік жасайды. Осы уақыт ішінде ол балалардың қай сабаққа бейім екенін алдын ала зерттеп, ақыл-көнісін берген болатын. Сондай-ақ, сынақ тапсыратын сәт жақындаған сайын оқушылардың кітапханамен тығыз байланыста

болып, жан-жақты дайындалуын қадағалап отыратын. Әрбір оқушының ата-анасымен ақылдасып, жас тұлғаның болашағына тандау жасауда ортақ шешімге келген. – Оқушыларымыздың бәрі де білімді, қабілетті. Мектеп ішіндегі сайыстарды айтпағанда, облыстық, республикалық деңгейде жүлделі орындар иеленіп жүр. Тек осы жолы сынақ тапсыру кезінде үш оқушымыз қалаған мамандығына сәйкес грант иелене алмай қалды. Олар

үшін алаңдаймын, дегенмен, барлық мәселенің шешімі бар. Уақыт бәрін реттейді. Оларға осыны айтамын. Ал мемлекеттік грантты иеленген тұлғаларға тек ақ жол тілеймін, – дейді сынып жетекшісі.

Ақтоты Өтешова – тарих пәнінің мұғалімі. Осы мектепте еңбек етіп келе жатқанына 20 жыл. Бірнеше облыстық, республикалық, халықаралық байқаулардың жеңімпазы. Айтпақшы, ол биыл тағы да 5 сыныптың жеңімпазына бекітілді.

Шәкірттері – ұстаз еңбегінің жемісі. Сонымен қатар, мемлекет тарапынан білім саласын қолдауға, оның ішінде ұстаз мәртебесін көтеруге бағытталған жұмыстардың нәтижесі екені көңіл қуантады.

● САРАП

«Шиелі құс» һәм жұмыртқа бағасы

Күнделікті тұтынатын әлеуметтік маңызы бар азық-түліктер қатарында жұмыртқа да бар. Себебі оның құрамындағы ақуыз бен белок, мамандардың айтуынша, еттің орнын алмастыра алады. Сондықтан да болар сіңімді әрі жылдам дайындалатын ас ретінде оны тұтынушы көп. Одан бөлек жұмыртқаны кондитерлік өнімдердің құрамындағы негізгі компоненттердің бірі ретінде пайдаланатынын да білеміз. Демек, ас мәзіріндегі көп нәрсе онсыз жүзеге аспайды.

Айсуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

3-бет



